



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Ауыздан бірде от, бірде су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер; Аққан су ол- жақсы сөз, ол қайда ақса сонда гүл өсер; Тайды күтіп мінген, атты да мінеді дейтін мақалдарды кездестіруге болады. Мақал-мәтелдердің әлемін зерттей келе, өзі туралы және қай халыққа тән екенін білуге болады. Бұл-халықтың өмірбаяны, мәдени айнасы, сондықтан мақал-мәтелдер маңызды мазмұнымен ерекше, әр түрлі ғылым жүйесіндегі адамның, халықтың, мәдениеттің, соның ішінде тіл ғылымы үшін таптырмас дүние. Дәл қорытындылап айтқанда, халықтың өмірінен алынған тарихи тәжірибесі, ғасырлар бойы зерттелген көрінісі, халық энциклопедиясында ол өзінің барлық жетістіктерін қамти алады.

Қолданылған әдебиет:

1. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік.-Астана. «Парасат-KZ» баспа үйі, 2010. 709,727,729,733,734 б.
2. Winston S. Churchill. A History of the English-speaking Peoples. Volume1. The birth of Britain. 72 p.
3. The Concise Oxford Dictionary of Proverbs.-Oxford. 1998.
4. Oxford Idioms Dictionary for Learners of English.-Oxford University Press. 2003.

ОӘК: 372.8:811.111'271

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ниязбек К.М.

kamila.9494@mail.ru

Еуразия Ұлттық Университеті, Филология факультеті, ШТ-41 студенті, Астана қ.,
Қазақстан

Ғылыми жетекші: Д.Х. Байдрахманов

Аннотация: Бұл мақала ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып, оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету, оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту, оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдарын нақты тәжірибе жүзінде көрсетілетін болады.

Кілттік сөздер: Сұрақ-жауап, диалог, сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс, мәтінмен жұмыс, монолог.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі айналды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс- тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Тіл білімі үшін сөйлеу әрекетін зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед лингвисті Фердинанд де Соссюр алғаш болып көрсеткен. Бала тілін зерттеген ғалымдар: А.Шахнарович, Л.Щерба, Е.Кубрякова, С.Канцельсон: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз – үздіксіз үрдіс және ол сөйлеу үрдісі мен тыңдаудан тұрады», – деген. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын, ағылшын тілінде өз ойын ауызша жеткізе алатын, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? деген сұрақ туындайды. Оқушылардың сөйлеу дағдысы алғаш сабақ басталғаннан бастап қалыптаса бастайды.[1]

Сұрақ-жауап

Диалог

Сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс

Байланыстырып сөйлетуге дағдыландыру жұмыстары

Берілген сауалға өз ойларын білдіруге үйрету

Мәтінмен жұмыс

Монолог түрінде сөйлеуді дамыту

Ең бірінші сұрақ-жауап арқылы іске асады., мұғалім сұрақ қояды, өзі жауап береді,сұрақ оқушыға қойылады, екінші кезеңде оқушы жауап береді, сұрақ-жауап күнделікті сабақтарда жиі қайталанып отырады, яғни оқушылардың алғашқы сөйлеу дағдысы сұраққа жауап беру арқылы іске аса бастайды. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады.

T: Good morning, children!

Ch: Good, morning, teacher!

T: How are you?

Ch Fine, thanks. And you?

T I' m fine, thanks you. I'm glad to see you. And you?

Ch: We, too.

T: Sit down, please.

Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады, ал мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы болып қалады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі.Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп дәлелдеуге тырысады, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Қойылатын сұрақтар проблемалы ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі, оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Бұл сабақтарда жаңа материалды талдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені талданбаған сұрақ бала жүрегіне жетпейді.[2]

Мысалы: бесінші сыныпта “I need to buy a computer” тақырыбында оқушылар оны қайда қою керек екенін, ыңғайлы болу үшін, және ешкімге, кедергі жасамай басқа жанұя мүшелері де қолдана алатынын айтады. Ол арқылы не істей алатындарын айтады.

I need to buy a computer. I want to put it near the window. I can use it after classes to type and draw.(to play computer games,to have many friends). My brother and sister can play computer games.

Оқушылар алдын – ала адамның көңіл күйін білдіретін сөздер, оның белгілі бір себептері туралы сөздермен танысады, содан кейін оқушылар грамматикалық шақтарды негізге алып төмендегіше бір-бірімен сөйлеседі.[3]

Мысалы Present Perfect шағын пайдаланып :

Key Words

Feelings: happy, sad, angry, excited, worried, pleased, tired

Reasons: pass exams, win the lottery, break the video, fail exams, receive bad news, lose a tennis match, go to a party, have an argument with a friend, lose (one's) wallet, sleep badly, buy new clothes

A: I am happy.

P1: Have you won the lottery?

A: No, I haven't.

P2: Have you bought new clothes?

A: No, I haven't.

P3: Have you passed exams?

A: Yes, I have.

Бұл әдісті шағына , жағына қарай өзгертіп пайдалануға болады.

B: She is tired.

P1: Has she gone to the party?

B: No, she hasn't.

P2: Has she slept badly?

B: Yes, she has. Now it's your turn.

Оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу дағдысының қалыптаса бастауы — бірлескен ізденіс. Ізденіс барысында әр баланың көңіл күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады, интеллект деңгейін анықтай алады. Әсіресе оқу сабақтарындағы материалды талдау арқылы шығарманың айтар ойы, идеясы бала жүрегіне жетіп, талдаулар арқылы ар, ұят, қайырымдылық, әдептілік сияқты тамаша адамгершілік қасиеттер бойына сіңіріледі.[5]

Having pen-friends” тақырыбында оқушылар өзінің досын суреттегенде оның әр-түрлі жағын, іс-әрекетін, сырт-пішінін, мінезін және өз досымен ортақтасып жүргізетін іс-әрекетін салыстырма түрде айтып беруі – оның сөз қорын молайтады, ережелерді қолдануын және сөйлеу қабілетін дамытады.

Сөздік қорды көбейту арқылы оқушы шағын текстерді оқи бастайды, түсінігін айтуды үйренеді, суреттерді суреттейді.Сыныптары өскен сайын оқушылардың сөздік қоры көбейіп,диалог түрінде бір-бірімен сөйлеседі.Өз беттерімен белгілі бір тақырыптарды диалог түрінде талқылай алады. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, акпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір- бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңіл- күй қатынасын білдіреді. Оқушыларға сабақ барысында бастапқы ағылшын тілін үйрету сатылары орындалғаннан кейін ,мәтінмен жұмыстың да тіл дамытуға тигізер пайдасы зор.[6]

Мәтінмен жұмыс төрт сатыдан тұрады:

- 1) Мәтінге дейінгі;
- 2) Тікелей мәтінмен жұмыс;
- 3) Аналитикалық;
- 4) Мәтіннен кейінгі;

Мәтінге дейінгі саты оқушыларды үлгі- мәтіндегі кездесетін қиындықтарды шешу жолдарына бағыттайды. Тікелей мәтінмен жұмыс үлгі- мәтінді оқуға және мәтіннен кейін берілген тапсырмаларды орындауға бағытталған. Мұнда оқушылардың мәтін мазмұнын қалай түсінгені тексеріледі. Аналитикалық сатының мақсаты- мәтінді құрылымдық, мазмұндық компоненттеріне қарай топтау болып табылады. Мәтіннен кейінгі сатының мақсаты- оқушылардың үлгі- мәтін айтып беруі.

Сөйлеу кезеңінде оқушылардың монолог түрінде сөйлеу іскерліктері қалыптастырылады. Мұнда оқушылар өз бетінше мәтінде көтерілген мәселеге байланысты өз ойларын айтып жеткізуге тырысады. Бұл жерде үлгі- мәтін афоризмге, мақал- мәтелге, тақырыпқа, ұранға және тағы басқа ықшамдалады.

Мәтін негізінде монолог түрінде сөйлеуді дамыту 7 жаттығудан тұрады:

1. жаттығу – мәтінді оқып және сұрақтарға жауап беру;
2. жаттығу – дұрыс және қате сөйлемдерді табу;
3. жаттығу – мәтінді абзацтарға бөлу және оларға ат қою;
4. жаттығу – берілген сұрақтардың ішінен 3-4 сөйлеммен айтып беру;
5. жаттығу – мәтінді қысқаша мазмұндау;
6. жаттығу – оқушылар мәтін мазмұнын өз сөздерімен толықтыру;
7. жаттығу – өз қиялымен жазушы ретінде мәтінге өзгеріс енгізу.

Оқушылардың басты мақсаты тілдік тіректер арқылы ағылшын тілін оқытуда оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту. Фонетика және лексико- грамматикалық

дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін сөйлеуге, өздігінен сөйлемдер құрай білуге үйрету, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, ағылшын тілін білудің маңыздылығын түсіндіру, ана тілін құрметтеп, өзге тілді игерту арқылы адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. [7] Оқушыларға кезең- кезеңмен жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берері сөзсіз. Қорыта келе, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыру әрбір ұстаздың басты парызы.

Қолданылған әдебиет:

- 1.Ж.Қараев «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы»
- 2.Тұрысбаева «Дамыта оқыту технологиясы».
- 3.Иманғалиева А. «Дарынды дамыту – ұстаз парызы».
4. Пассов Е.И. «Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре».
5. Царков В.Б. Тілдік жаттығулар ағылшын тілінен. М.: Просвещение, 1980. – 135с.
- 6.Мильруд Р.П. Некоторые пути обучения самостоятельному иноязычному высказыванию// Иностранные языки в школе – 1985 — №2. – с.29- 34.
- 7.Садықова А.К., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде монолог түрінде сөйлеуге үйрету// Мектептегі шет тілі. 2007. №6 –с. 31- 34.

НЕОЛОГИЗМЫ 21 ВЕКА В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Нуреева Сирена Васильевна

nureeva_94@mail.ru

Студентка 3-го курса Казанского (Приволжского) Федерального Университета,
института филологии и межкультурной коммуникации, отделения татарской филологии им.
Г. Тукая, Россия, Казань
Научный руководитель - А.Х.Ашрапова

Любой язык, независимо от его распространения, является неотъемлемой частью общества, а общество находится в постоянном развитии. И, в конечном счете, вместе с обществом язык получает свое развитие и постоянно реагирует на какие-либо изменения в сферах говорящего коллектива.

В настоящее время происходит бурный поток нововведений: развивается наука и техника, а также расширяются средства массовой информации. И в связи с этим, появляется потребность создания новой отрасли в лексикологии – неологии. Неология – это наука о неологизмах.

Термин «неологизм» впервые появился в 1755 году во французском языке, откуда после 1800 года он был заимствован в английский язык в значении «употребление новых слов, инновации в языке, а также новое слово или выражение».

Неологизмы – это слова или словосочетания, которые получили свои наименования с развитием общества и стали нововведением в области языка.

Английский язык является международным языком компьютеров и интернета. И это не удивительно, что буквально не каждый день его лексика обогащается все новыми словами. «Лингвисты утверждают, что в английском языке каждые 98 минут рождается новое слово, что позволяет говорить о том, что английский язык в настоящее время переживает настоящий неологический взрыв». [1, электронный ресурс].

Но, на самом деле, слова, которые, казалось бы только что вошли в наш язык, с течением малого времени теряют свою новизну и начинают употребляться в нашей каждодневной лексике. Таким образом, из сказанного выше становится ясно, что понятие